

Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы және мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 216/27 шешіміне өзгерістер және толықтыру енгізу туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 мамырдағы № 355/43 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 маусымда № 6402 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Атаулы және мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 216/27 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3791 болып тіркелген, 2014 жылғы 7 мамырда "Отарқа", "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған), келесі өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

екінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Ұлы Отан соғысының (бұдан әрі - ҰОС) қатысушылары мен мүгедектеріне 500000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) сомасындағы азық-түлік жинақтары;"

үшінші абзацы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдары қатысушыларынан, Ауғанстанда әскери міндетін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілерден, 1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі - ЧАЭС) апаттың зардаптарын жоюға тікелей қатысқан адамдардан, ЧАЭС апаттың салдарынан мүгедек болған адамдардан басқа) 10 (он) АЕК мөлшерінде;"

он үшінші абзацтағы "пен балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды" сөздері алып тасталынсын;

келесі мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Ауғанстан аумағындағы ұрыс қимылдары қатысушыларына, Ауғанстанда әскери міндетін өтеу кезінде мүгедек болған әскери қызметшілеріне, 1986 - 1987 жылдары ЧАЭС апаттың зардаптарын жоюға тікелей қатысқан адамдарға, ЧАЭС апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға 50000 (елу мың) теңге мөлшерінде;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының әлеуметтік, мәдени дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

қалалық мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облысының әкімі

_____ Б. Бақауов

2019 жылғы "3" маусым

Б. Куспеков